

**8D011 Педагогика және психология (6D010300-Педагогика және психология мамандығы)**

**бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған**

**Дауенов Ернур Нурлановичтің «Аксиологиялық парадигма жобалық оқыту арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың негізі ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту орындалған күніне) ғылымның даму бағдарламаның бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның нысаналы бағдарламаның атауы мен көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған сәйкес (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы бекіткен ғылым дамуының бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>1.1 Қазіргі Тәуелсіз Қазақстан мәртебесінде басымғаламдану мен ғаламдық білім кеңістігіне кірудің процестері жүріп жатыр. Бұрынғы ұлттық санадағы таптауырын тұстарын ысырып, оны таңдауында сұрыптап, қарым-қатынас салықалы, кәсібилік сынауда паритетті диалогқа қатысуға қабілетті, ұлтаралық заңдылығын сақтап, қарым-қатынас жасаудың жоғары интеллектуалды мәдениетіне ие болуларын шиеленістіре түсетіні белгілі. Осыған қарай, заман ағымына сай білім алушылардың қазіргі кәсіби құзыреттілікке, білімі мен ғылымын ұлттық бірегейлікке сәйкестендіре алу болып табылады. Әлемдік идеяларға ұлттық құндылықтардың бірегейлігін тұтас қамти отырып, білім мен тәрбиені ізгілікті ұстанымда Жаңа Қазақстанда жаңа тұлғаны лайықты даярлау бүгінгі күні маңызды мәселесі, осыған сәйкес докторант Е.Н. Дауенов өзінің диссертациялық жұмысының</p>

көкейкестілігін анықтайды. Сондай-ақ, докторант Е. Н. Дауеновтың даярлаған диссертациясы Қазақстан Республикасының білім саласына байланысты саясатының негізгі мүддесіне сәйкес келеді. Докторант ғылыми жұмысының негіздемесін жасауда отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасап, таңдаған тақырыбының өзектілігін анықтаған. Ұсынып отырған бұл докторлық диссертацияның ғылыми-теориялық негізі эксперименттік жұмыста көрініс тапқан.

1) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес. Докторант өзінің диссертациялық жұмысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007), Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы (2012), «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы т.б. басқа құжаттарға сүйене отырып, олардың басым бағытына сәйкес зерттеу жұмысын жасаған.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс педагогика ғылымына, психологияның дамуына, сондай-ақ гуманитарлық ғылымдардың дамуына өзінің үлесін қосады. Зерттеу жұмысы еліміздегі мемлекеттік білім беру стратегиясында, білім беру бағдарламаларының идеологиялық компонентін өзгерту саласында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жолдары ұлттық білім беру жүйесі болып табылады. Қазіргі уақытта ұлттық білім беру жүйесінің негізгі мақсаты-әртүрлі мәдени және саяси контексте өз қызметі үшін жеткілікті білімі мен мүмкіндіктері бар адамды даярлау. Ұлттық компонент ұлттық мемлекетке қатыстылықты білдіреді. Сондықтан, докторант, білім беру жүйесінде ұлттық бірегейліктің аксиологиялық парадигмасын дамыту моделі бойынша эксперимент нәтижелері арқылы мақалалар әзірленуі ғылымға елеулі үлесін қосады, оның практикалық маңыздылығы ашылғанын көрсетеді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  <u>1) жоғары;</u>  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған.</p>	<p>Докторант Е.Н. Дауенов диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Өзі жазу деңгейі – жоғары. Ол диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Барлық талданған, зерделенген ақпараттар дербес, түсінікті, өзара бір-бірімен үйлесімді, автордың диссертация жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.</p>

4. Ішкі бірлік принципі		<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  <u>1) негізделген;</u>  2) ішінара негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертацияның көкейкестілігін негіздемесі берілген. Докторант ғылыми негіздемесін құруда отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың осы сала бойынша жазған еңбектеріне жан-жақты талдау жасап, тандалған тақырыптың өзектілігін анықтаған. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының теориялық негізі эксперименттік-тәжірибе жұмысында көрініс тапқан. Сондықтан, Дауенов Ернур Нурлановичтың «Аксиологиялық парадигма жобалық оқыту арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың негізі ретінде» атты диссертациялық жұмысы заманауи қоғамның сұранысына байланысты жазылған өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация мазмұны айқындайды: тақырыбын  <u>1) айқындайды;</u>  2) ішінара айқындайды;  3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемінде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  <u>1) сәйкес келеді;</u></p>	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес. Зерттеу мақсаты білім беру жүйесінде ұлттық бірегейліктің аксиологиялық парадигмасын дамыту моделін құру және оның</p>

- 2) ішінара сәйкес келеді;
- 3) сәйкес келмейді.

тиімділігін экспериментальды түрде тексеру арқылы еліміздегі білімнің қалыптасуы мен дамуының теориялық негіздерін, ерекшеліктерін анықтауға байланысты. Зерттеу міндеттері жобалау қызметі арқылы мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың әзірленген моделін сынақтан өткізу үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ұйымдастырылды, оның құрылымына диссертациялық зерттеудің үшінші тарауы арналған.

- 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:
- 1) толық байланысқан;
  - 2) ішінара байланысқан;
  - 3) байланыс жоқ.

Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Докторанттың зерттеуіндегі алынған нәтижелер бір-бірімен сабақтас, ішкі бірлігі, логикалық жүйелігі айқын, сондай-ақ, зерттеу жұмысының бөлімдері бір-бірімен ұштасып, қойылған зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындай түседі. Докторант Е.Н. Дауенов өз зерттеуінің бөлімдерін өзара тығыз байланысты бірыңғай жүйемен құрастырып жазған. Бөлімдердің нәтижелері нақты тұжырымдармен дәлелденген. Сонымен қатар, эксперимент барысында алынған нәтижелер аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамытуда деңгейі төмен жоғары сынып білім алушыларының саны іріктеудің таңдалған әдісімен анықталады бастапқы болжамның ұстанымын негізге ала отырып статистикалық көрсеткіштермен тексерілген.



	<p>4.5 Автор ұсынған жаңатоптардың білім беру процесіне жобалау қызметі шешімдер (қағидаттар, әдістер) арқылы мектеп білім алушыларының аксиологиялық дәлелденіп, бұрыннан белгілі парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту моделін шешімдермен салыстырылып енгізу; экспериментке кіру кезеңінде, содан кейін бағаланған:</p> <p>шығу кезеңінде мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту деңгейін анықтау және бастапқы және 3) талдау өз пікіріне емес, басқа қорытынды диагностикасының нәтижелеріне авторлардың сілтемелеріне салыстырмалы талдау жүргізуде жобалау арқылы негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Докторант Е.Н. Дауенов ұсынған негізгі міндеттер: мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігінің компоненттерін критерийлер бойынша өлшеуге мүмкіндік беретін әдістемелер кешенін белгілеу; эксперименттік</p> <p>шығу кезеңінде мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамыту деңгейін анықтау және бастапқы және 3) талдау өз пікіріне емес, басқа қорытынды диагностикасының нәтижелеріне авторлардың сілтемелеріне салыстырмалы талдау жүргізуде жобалау арқылы негізделген. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ғылыми ұсыныстарды педагог-мамандардың біліктілігін арттыруда орта мектептің білім алушылары үшін пайдалануға болады.</p>
<p>5. Ғылыми принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>жаңашылдық 1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан дамуының негізі, ұлттық аксиологиялық кем).</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа деп есептейміз.</p> <p><i>Бірінші ғылыми нәтиже жаңа.</i> Себебі докторант аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен</p>

парадигманы бірегейлікпен интеграциялау процесін анықтаған

*Екінші нәтиже жаңа.* Зерттеуде білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейліктің дамытудың психологиялық мәні, рухани құндылықты меңгеруге психолог-ғалымдардың еңбектеріндегі білім алушы процесіндегі мүмкіндіктерін ескерген.

*Үшінші нәтиже жаңа.* Білім алушылардың атқарар қызметі, қоғамдық қарым-қатынастарға қатысуы; рухани, ғылыми, өнер саласындағы қызметтердің жобалау процесіндегі атқарар рольдері анықталған.

*Төртінші нәтиже жаңа.* Себебі, білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікпен іске асыруының мүмкіндіктері бағдарланған және жобалау арқылы білім мазмұны тәжірибелік-эксперимент арқылы тексерістен өткізіліп, тиімділігі дәлелденген.

*Бесінші нәтиже жаңа.* Білім алушылардың аксиологиялық парадигманың ұлттық бірегейлікпен дамытудың тұжырымдары мен білімденудің инновациялық технологиялары ұтымды қолданылған.

*Алтыншы нәтиже жаңа.* Жобалау арқылы білім алушылардың аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытудың моделі анықталған.

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Әр тұжырымның мазмұны берілген міндеттерді шешудің ғылыми ізденісімен ғана емес, диссертациялық зерттеу мәселесін шешуде ізденушісінің өз ұстанымдарымен де анықталған.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Технологиялық, басқару шешімдері толығымен жаңа және диссертациялық зерттеу бойынша өткізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының ұйымдастырылуы және жүргізілуі, жобалау арқылы ұлттық бірегейлікті дамытуда Павлодар қаласының жалпы орта білім беру мекемелерінің оқу процесіне ендіру жолдарын айқындауы, оларды енгізу актісі, ғылыми жарияланымдармен негізделді.</p>
<p>6. Негізгі негізділігі қорытындылардың</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертацияда барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге негізделген. Әр түрлі зерттеу әдістерін қолдана отырып, аксиологиялық парадигма арқылы арқылы білім алушылар бойынша ұлттық бірегейлікті дамыту көзделген. Жұмыста дәлелді дәлелдер мен беделді дереккөздерге сілтемелер қолданылады.</p>



7.	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p>	<p>Докторант Е.Н. Дауеновтың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған төрт қағидатты айтуға болады: 1) азаматтық қағидатында қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамуы; 2) ел дамуының стратегиялық мақсаттары төңірегінде топтасқан, қазақстандық бірегейлік пен бірлік қағидаты; 3) Үздіксіз аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлікті дамыту; 4) Жобалау арқылы орта мектеп білім алушыларының аксиологиялық парадигмамен ұлттық бірегейлігін дамытуды оқу процесіне ендіру әдістемесінің тиімділігі мен эксперимент жүзінде дәлелдерінің қорытындысы мен нәтижелері.</p> <p>7.1 Қорғауға шығарылған негізгі 4 қағидаттар дәлелденді- дәлелденді.</p> <p>7.2 Қорғауға шығарылған негізгі 4 қағидаттар тривиалды емес, себебі олар ғылыми жаңалыққа ие - жоқ.</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі 4 қағидаттар жаңа-иә.</p> <p>7.4 Қорғауға шығарылған негізгі 4 қағидаттардың қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар мақалада дәлелденген –иә</p>
----	---	--	---

		<p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
<p>8. Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>		<p>8.1 Әдіснаманы таңдау негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен технологияларды қолдану арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау</p>	<p>Докторант Е.Н. Дауеновтың диссертациясында ғылыми аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеу жұмысында басшылыққа алынған жүйелілік-тұтастық, тұлғалық, синергетикалық, инновациялық, интегративтік тұғырларды және білім беру мазмұнын меңгеруде қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетке байланысты негізделген. Докторант диссертациялық жұмыстың әдіснамалық және әдістемелік негіздерін түзуде теория мен тәжірибенің байланыстылығы, гуманитарландыру, болжамдық, пәнаралық, саналық, жүйелілік, ізгілендіру және әлеуметтік тапсырысты сақтау қағидаларды басшылыққа алады.</p>

<p>ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістемелерін пайдалану арқылы алынған, заманғы әдістері мен деректерді компьютерлік технологияларды қолданған. Оған өңдеу және интерпретациялау дәлел докторанттың пайдаланылған әдістері: әдістемелерін пайдалана отырып контент-талдау, тұжырымдау, салыстыру, алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>әдістемелерін пайдалану арқылы алынған, заманғы әдістері мен деректерді компьютерлік технологияларды қолданған. Оған өңдеу және интерпретациялау дәлел докторанттың пайдаланылған әдістері: әдістемелерін пайдалана отырып контент-талдау, тұжырымдау, салыстыру, педагогикалық модельдеу, SPSS бағдарламасы арқылы жобалау арқылы ұлттық бірегейлікті анықтау бойынша алынған нәтижелері өңделіп, тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген.</p>
--	--

<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, докторанттың дайындаған жобалау арқылы ұлттық бірегейлікті дамыту нәтижелері тәжірибелік-эксперименттік зерттеулермен дәлелденген. Е.Н. Дауеновтың «Аксиологиялық парадигма жобалық оқыту арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамытудың негізі ретінде» атты диссертациясындағы эксперименттік жұмыстарына Павлодар қаласының Дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназиясы, Ү. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық гимназия-интернаты, Павлодар қаласының Б. Момышұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қаласының Малайсары батыр атындағы жалпы орта білім беру мектебінің педагогикалық процестеріне енгізіліп, дәлелденді.</p>
--	---

<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми</p>	<p>Диссертация тақырыбына қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектер, ресми</p>
---	---

<p>әдебиеттерге сілтемелермен құжаттар, отандық, шетелдік ғалымдардың ғылыми расталған / ішінара расталған / ізденістері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі расталмаған.</p>	<p>бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелерімен расталған.</p>
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті: 140 әдебиет пайдаланылған, оның ішінде отандық пен шетелдік ғалымдардың және автордың ғылыми ізденістері бар.</p>
<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p><u>1) бар;</u> 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогика ғылымы үшін теориялық тұрғыда маңызды, осыған орай, жұмыста алғаш рет аксиологиялық парадигма жобалау арқылы білім алушылардың ұлттық бірегейлігін дамыту негізінде қарастырылып, оның даму ерекшеліктері мен деңгейлері айқындалып, білім беру жүйесінде оның мазмұны жүйеленген. Алынған нәтижелер өзекті мәселені шешуге бағдарланған.</p>
<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары деп тұжырымдаймыз, себебі зерттеу мәселесі бойынша алынған нәтижелер жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық процестеріне енгізіліп, педагогикалық мамандардың біліктіліктерін жоғарылатуда пайдалануға болады.</p>
<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p>

	<p>1) толығымен жаңа;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Жалпы білім беретен мектептердің білім алушыларына жобалау арқылы ұлттық бірегейлікті дамыту бойынша «Білім алушылардың білім нысаналарына аксиологиялық дүниетанымын дамыту» моделін білім мазмұнына енгізу деп берілген ұсынысы толығымен жаңа; 2) Зерттеу тақырыбы аясында жұмыста жобалау арқылы, үздіксіз білім беру жүйесінде жеке тұлғаны білімпаздыққа бағыттау бағдарламасы туралы ұсынысы толығымен жаңа; 3) Зерттеу тақырыбы модельдер арқылы білім берудің әрбір сатысында жеке тұлғаның бірегейлігін дамытуға қойылатын талаптары жаңа болып табылады.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:  1) жоғары;  2) орташа;  3) орташадан төмен;  4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Е.Н. Дауеновтың диссертациясын академиялық жазу ерекшеліктеріне байланысты дербес, аяқталған жұмыс деп есептейміз, себебі нақты дәлелденіп жазылған, ғылыми стильді ұстанған, сілтемелерді орынды қолдана білген.</p>
<p>11. Диссертацияға ескертулер</p>		<p>Диссертациялық жұмыста кең педагогикалық тәжірибенің бар екені, диссертанттың тақырып аясында пікірлері мен тұжырымдарының тәуелсіздігін көруге болады. Сонымен қатар, зерттеу ішкі бірлікке, біртұтас және толық сипатқа ие. Жұмыс өзекті және маңызды болып табылады және автор тақырыптың мазмұнын ашуда тәжірибелік және теориялық негіздерін жасауға айтарлықтай үлес</p>



		<p>қосқан. Диссертацияның мазмұнына сәйкес келесі ескертулер көрсетелді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Диссертация аясында дәлірек және қысқа тұжырымдарды қолдану ұсынылады;</li> <li>2. Педагогикалық технологиямен білімденудің инновациялық технологиялары арасындағы айырмашылықтар жете көрсетілмеген.</li> </ol>
<p>12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Диссертация негізгі нәтижелері мен барлық қорытындылар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне ғылыми тұрғыдан негізделген. Докторант Е.Н. Дауеновтың диссертациясының негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан. Олар Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына (Scopus базасы) тіркелген шетел журналында, ғылыми монографияда, мақала халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында баяндалған.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті қоятын диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Е.Н.</p>

			Дауеновке 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруді ұсынамын.
--	--	--	---

Ресми рецензент, пед. ғ. канд. бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

18.09.2024 ж.



М.Н. Шаяхметова

